

**2024 жылғы 1 наурыздағы жағдай бойынша  
ҚАЗАҚСТАН ӨЗЕНДЕРІНІҢ АЛАПТАРЫНДА  
ЫЛҒАЛ ҚОРЫНЫҢ ЖИНАЛУЫ ТУРАЛЫ  
АНЫҚТАМА-КОНСУЛЬТАЦИЯ**

**Астана, 2024 ж.**

ҚР жазық өзендеріндегі көктемгі су тасқыны ағынының күтілетін көлемі 2024 жылғы 1 наурыздағы гидрометеорологиялық бақылау және өлшеу деректері бойынша жасалды (1-қосымша).

Көктемгі су тасқыны көлемінің болжамдары апта сайын болжамдық ақпарат негізінде нақтыланатын болады және жауын-шашынның нақты және күтілетін елеулі мөлшері мен температуралық фонның жоғарылауы бойынша нақтылауға сәйкес түзетілетін болады.

## Жазық өзендер

### 1) Ылғал қорының көлемі:

**Қарағанды облысындағы** Нұра (Самарқан су қоймасына келетін су), Шерубайнұра (Шерубайнұра су қоймасына келетін су) және Тоқырау өзендерінің алаптары орташа көпжылдық мәндерден 30-49%-ға төмен.

**Ұлытау облысындағы** Кеңгір (Кеңгір су қоймасына келетін су) және Сарысу өзендерінің алаптары орташа көпжылдық мәндерден 13-20%-ға төмен.

**Ақмола облысындағы** Қалқұтан, Жабай және Шағалалы (Шағалалы су қоймасына келетін су) өзендерінің алаптары орташа көпжылдық мәндерден 21-43%-ға жоғары. Сілеті (Сілеті су қоймасына келетін су), Есіл және Мойылды (Астана су қоймасына келетін су) өзендерінің алаптары орташа көпжылдық мәндерден 26-40%-ға төмен.

**Солтүстік Қазақстан облысындағы** Есіл өзенінің алабы (Сергеев су қоймасына келетін су) орташа көпжылдық мәндерден 57%-ға жоғары.

**Қостанай облысындағы** Тобыл, Аят (Жоғарғы Тобыл және Қаратомар су қоймаларына келетін су) және Тоғызак өзендерінің алаптары орташа көпжылдық мәндерден 30-98%-ға жоғары. Торғай және Қараторғай өзендерінің алаптары орташа көпжылдық мәндерден 20-23%-ға төмен.

**Ақтөбе облысындағы** Ойыл және Қосістек өзендерінің алаптары орташа көпжылдық мәндерден 26-52%-ға жоғары. Ор өзенінің алабы орташа көпжылдық мәндердің шамасында. Қарғалы (Қарғалы су қоймасына келетін су), Ілек (Ақтөбе су қоймасына келетін су), Ырғыз және Темір өзендерінің алаптары орташа көпжылдық мәндерден 16-68%-ға төмен.

**Батыс Қазақстан облысындағы** Шыңғырлау, Шежін-2, Деркөл, Шаған, Оленті және Шідерті өзендерінің алаптарында орташа көпжылдық мәндерден 17-43%-ға төмен.

**Атырау облысында** Жем өзенінің алабында орташа көпжылдық мәндерден 62%-ға төмен.

**Өзен алаптарында қардың жиналу процесі жалғасуда.**

### 2) Топырақтың күзгі ылғалдану көрсеткіштері:

#### **Орташа көпжылдық мәндерден жоғары:**

**Ақмола және Солтүстік Қазақстан облыстарындағы** өзендерінің алаптарында (Есіл – Астана су қоймасына келетін су, Сілеті, Шағалалы, Қалқұтан, Жабай, Есіл – Сергеев су қоймасына келетін су) 27-151%-ға,

**Қостанай облысындағы** өзендерінің алаптарында (*Тобыл, Аят, Тоғыззақ, Торғай, Қараторғай*) 34-180%-ға, **Атырау және Ақтөбе облыстарындағы** өзендерінің алаптарында (*Ілек, Қарғалы, Қосістек, Ор, Ойыл, Ырғыз, Жем, Темір*) 61-161%-ға, **Батыс Қазақстан облысындағы** өзендерінің алаптарында (*Шыңғырлау, Шежін-2, Деркөл, Шаған, Өлеңті, Шідерті*) 71-133%-ға, **Қарағанды және Ұлытау облыстарындағы** өзендерінің алаптарында (Нұра, Шерубайнұоа, Кеңгір, Сарысу) 74-159%-ға.

**Қарағанды облысының** шөлді аймағында орналасқан және топырақтың күзгі ылғалдылық нормасы 9 мм болатын Тоқырау өзенінің алабы ерекшеленеді. 2023 жылғы топырақтың күзгі ылғалдылығы 55 мм нормадан 5 есеге (511%) жоғары, бұл облыстағы ең төменгі көрсеткіш.

3) Қарағанды, Ұлытау, Ақмола, Солтүстік Қазақстан, Қостанай, Батыс Қазақстан, Атырау және Ақтөбе облыстарында **топырақтың тоңдану тереңдігі** өткен жылғы көрсеткіштен орта есеппен 1-ден 91 см-ге дейін төмен. Ақмола (Қалқұтан, Есіл) және Қарағанды (Тоқырау) облыстарының жекелеген өзен алаптарында топырақтың тоңдану тереңдігі өткен жылғы көрсеткіштен орта есеппен 11-дан 33 см-ге дейін жоғары.

Сондай-ақ, Қарағанды облысындағы Нұра және Шерубайнұра өзендерінің алаптарында, Ұлытау облысындағы Кеңгір және Сарысу өзендерінің алаптарында, Ақмола облысындағы Есіл, Сілеті, Шағалалы және Жабай өзендерінің алаптарында, Солтүстік Қазақстан облысындағы Есіл өзенінің алабында, Ақтөбе облысындағы Ілек, Ойыл және Ырғыз өзендерінің алаптарында, Батыс Қазақстан облысындағы Шежін-2, Шыңғырлау, Деркөл, Шаған, Өлеңті және Шідерті өзендерінің алаптарында, Атырау облысында Жем өзенінің алабында топырақ бетінде қалыңдығы 0.1-6.6 см мұз қабықшасы байқалады.

Наурыз айында температуралық фонның жоғарылауы және қатты жаңбыр болған жағдайда, еріген қар-жаңбырлы су тасқындарының пайда болуына әкелуі мүмкін.

Қазақстан Республикасының жазық аумағындағы өзендер бойынша ылғал қорының көлемі, топырақтың ылғалдануы және топырақтың тоңдану тереңдігі жөніндегі деректер 2-қосымшада келтірілген.

## **Таулы өзендер**

Тау өзендері үшін (Қазақстанның оңтүстігі, оңтүстік-шығысы, шығысы) 2023 жылдың 1 қазанынан 2024 жылдың 1 наурызына дейінгі аралықта ылғалдың жиналу кезеңінде түсетін жауын-шашын мөлшері келіп түсетін судың негізгі көрсеткіші болып табылады.

### **1) Ылғалдың жиналу кезеңіндегі жауын-шашын мөлшері:**

• **Шығыс Қазақстан және Абай облыстарындағы** Ертістің оң жағалауындағы өзен алаптарында 76%-ға, Бұқтырма су қоймасы аймағының

өзен алаптарында 62%-ға, Ертістің сол жағалауындағы тармақтарында 73%-ға, Тарбағатай жотасының оңтүстік-батыс беткейіндегі өзен алаптарында **орташа көпжылдық көрсеткіштерден 32%-ға жоғары**;

- **Жамбыл облысындағы Қырғыз жотасының солтүстік беткейіндегі өзендер алаптарында орташа көпжылдық көрсеткіштерден 27%-ға жоғары, Қаратау жотасының солтүстік-шығыс беткейіндегі өзендер алаптарында орташа көпжылдық көрсеткіштердің шамасында;**

- **Түркістан облысындағы Арыс өзені алабы мен Қаратау жотасының оңтүстік-батыс беткейіндегі өзендері 14%-ға, Талас Алатауының солтүстік-батысындағы өзендердің алаптарында орташа көпжылдық көрсеткіштерден 14% жоғары;**

- **Алматы және Жетісу облыстарындағы Жетісу Алатауы өзен алаптарында 114%-ға, Іле Алатауының солтүстік беткейіндегі өзен алаптарында орташа көпжылдық көрсеткіштерден 16%-ға жоғары, Іле Алатауының оңтүстік беткейі және Кетмен жотасының солтүстік беткейіндегі өзен алаптарында орташа көпжылдық көрсеткіштерден 43%-ға төмен.**

## **2) Таулы өзен алаптарындағы қар қоры төмендегідей:**

- **Шығыс Қазақстан және Абай облыстарындағы Ертістің оң жағалауындағы өзен алаптарында 69%-ға, Бұқтырма су қоймасы аймағында 100%-ға, Ертістің сол жағалауындағы өзен алаптарында 41%-ға орташа көпжылдық көрсеткіштерден жоғары, Тарбағатай жотасының оңтүстік-батыс беткейіндегі өзен алаптарында орташа жылдық көрсеткіштердің шамасында;**

- **Жамбыл облысындағы Қаратау жотасының солтүстік-шығыс беткейіндегі өзендер алаптарында 27%-ға, Қырғыз жотасының солтүстік беткейіндегі өзендер алаптарында орташа көпжылдық көрсеткіштерден 71%-ға төмен;**

- **Түркістан облысындағы Арыс өзені алабында орташа көпжылдық көрсеткіштердің шамасында, Қаратау жотасының оңтүстік-батыс беткейіндегі өзендер алаптарында 26%-ға, Талас Алатауының солтүстік-батысындағы өзендер алаптарында орташа көпжылдық көрсеткіштерден 21%-ға төмен;**

- **Алматы және Жетісу облыстарындағы Іле Алатауының оңтүстік беткейі және Кетмен жотасының солтүстік беткейіндегі өзен алаптарында, Жетісу Алатауының және Іле Алатауының солтүстік беткейіндегі өзендер алаптарында орташа көпжылдық көрсеткіштердің шамасында.**

**Қазіргі уақытта қардың жиналу процесі жалғасуда.**

**4-қосымшада 2024 жылғы вегетация кезеңінде тау өзендері бойынша алдын ала күтілетін су шығыны келтірілген.**

Таулы аймақтың өзендері үшін вегетациялық кезеңнің негізгі болжамы 2024 жылдың сәуір айының бірінші онкүндігінде жасалады.

Наурыз айында Қазақстанның оңтүстігіндегі, оңтүстік-шығысындағы және шығысындағы таулы өзендерде температуралық фон жоғарылап, қатты жаңбыр жауған жағдайда еріген қар-жаңбырлы су тасқыны өтуі мүмкін.

**Метеостанциялардағы көпжылдық бақылаулардың деректері бойынша ақпан, наурыз, сәуір айларында тәулік ішінде жауын-шашынның айлық нормасы түсуі мүмкін, бұл қауіпті апаттық гидрометеорологиялық құбылыстардың туындауына әкеліп соғуы мүмкін.**

Наурызда синоптикалық процестердің қыстан көктемге ауысуына байланысты ауа-райының жиі өзгеруі байқалады.

Ұзақ мерзімді синоптикалық болжамға сәйкес, Қазақстанның басым бөлігінде 2024 жылдың көктемнің басталуы біршама кешірек – наурыздың екінші жартысында-сәуір айының басында күтіледі.

Оңтүстік өңірлерде жылы күндер наурыздың басында күтіледі.

Бірінші онкүндіктің екінші жартысында Жерорта теңізі аудандарынан жылы ауа массаларының әсерінен елдің басым бөлігінде температуралық фонның жоғарылауы күтіледі, және қар аралас жаңбыр, оңтүстік пен оңтүстік-шығыс өңірлерде жаңбыр, кей уақытта қатты жаңбыр болып болжанады (Қызылорда, Түркістан, Жамбыл, Алматы және Жетісу облыстары), таулы аудандарда жаңбыр қарға ұласуы мүмкін.

**Наурызда** орташа ауа температурасы республиканың басым бөлігінде нормаға жуық, елдің қиыр оңтүстігінде (*Түркістан облысының басым бөлігінде, Қызылорда облысының оңтүстік-шығысында, Жамбыл облысының оңтүстік-батысында*) 1°-қа жоғары болады деп күтілуде.

Жауын-шашын мөлшері Қазақстанның басым бөлігінде нормаға жуық, республиканың солтүстік-шығыс, оңтүстік-шығыс аймақтарында (Шығыс Қазақстан облысында, Абай облысының шығыс жартысында, Павлодар және Жетісу облыстарының шығысында, Алматы облысының оңтүстігі мен шығысында) нормадан көп болады деп болжануда (5-қосымша).

**Бірінші онкүндікте** температураның жоғарылауы болжанады: елдің солтүстік-батысында, солтүстігінде, орталығында түнде -5-17°С-тан -3-8°С-қа дейін, күндіз -1-7°С-тан -2+3°С-қа дейін; елдің шығысында түнде -20-35°С-тан -3-13°С-қа дейін, күндіз -3-12°С-тан -2+5°С-қа дейін; елдің оңтүстік және оңтүстік-батыс аймақтарында түнде 0-10°С-тан -3+5°С-қа дейін, күндіз 0,+7°С-тан +7+15°С-қа дейін, қиыр оңтүстікте +18°С-қа дейін.

**Екінші онкүндікте** ауа температурасының ауытқуы күтіледі: солтүстік жартысында түнде -17-27°С-тан -3-13°С-қа дейін, күндіз -7-12°С-тан -1-6°С-қа дейін; оңтүстік жартысында түнде 0,+10°С – тан -5-15°С-қа дейін, күндіз +10+20°С-тан 0,+8°С-қа дейін.

Бірақ көктемгідей жылы ауа-райы республиканың басым бөлігінде айдың **үшінші онкүндігінде** орнығады - елдің солтүстік жартысында түнде -5+3°С, күндіз +3+13°С, оңтүстікте - түнде +2+10°С, күндіз +15+21°С болжанады.

**Алдын ала болжам бойынша сәуір айында** орташа ауа температурасы ҚР басым бөлігінде нормадан 1° жоғары, ҚР солтүстік – батыс жартысында (*Батыс Қазақстан, Атырау, Маңғыстау, Ақтөбе, Қостанай, Солтүстік Қазақстан, Ақмола, Ұлытау және Қарағанды облыстарында*) нормаға жуық болады деп күтілуде.

Жауын-шашын мөлшері республика аумағының басым бөлігінде нормадан көп, солтүстік-шығысында, орталығында және Қазақстанның оңтүстік облыстарының солтүстігінде (*Ұлытау облысында, Қарағанды, Павлодар облыстарында, Солтүстік Қазақстан, Ақмола, Жамбыл, Алматы облыстарының Жетісу және Абай облыстарының басым бөлігінде, Қызылорда, Түркістан облыстарының солтүстік-шығысында, Шығыс Қазақстан облысының солтүстік-батыс жартысында*) нормаға жуық болжанады.

«Қазгидромет» РМК өңдеген «NASA» жерсеріктерінің ЖҚЗ суреттерінің бойынша 01.03.2024 ж. жағдай бойынша Қазақстан аумағының қармен жабылған ауданы 72%-ды құрайды (6-қосымша).

Жауын-шашынның мөлшерін, қардағы су қорын, топырақтың күзгі ылғалдылығының көрсеткіштерін, топырақтың қату тереңдігін, сондай-ақ өзендердің мұздық режимдерін талдай отырып, су басу қаупі бар аймақтардың алдын ала бағасы берілді (7-қосымша).

**Қауіптілігі жоғары:** Қарағанды, Ұлытау Ақмола, Солтүстік Қазақстан, Қостанай, Ақтөбе, Батыс Қазақстан, Атырау, Шығыс Қазақстан, Абай және Алматы облыстары.

**Қауіптілік деңгейі орташа аймақтар:** Түркістан, Жамбыл, Қызылорда, Павлодар және Жетісу облыстары.

**Қауіптілік деңгейі төмен аймақтар:** Маңғыстау облысы.

## **Траншекаралық өзендер туралы ақпарат**

### **Сырдария өзені.**

Сырдария трансшекаралық өзенінің ағын көлемінің **~90%-ы** шекаралас мемлекеттердің (Қырғызстан, Тәжікстан және Өзбекстан) аумағында қалыптасады.

Сырдария өзенінің ағыны келесі су қоймаларының жұмыс режимдерімен реттеледі:

- Тоқтағұл (көлемі 19.5 км<sup>3</sup>);
- Әндіжан (көлемі 1.9 км<sup>3</sup>);
- Қайраққұм (көлемі 3.4 км<sup>3</sup>);
- Шардара (көлемі 5.2 км<sup>3</sup>);
- Көксарай (көлемі 3 км<sup>3</sup>).

Жоғарыда көрсетілген су қоймаларында су ресурстарын жинақтаудың жалпы көлемі 33.0 км<sup>3</sup> құрауы мүмкін.

Төменде келтірілген кестеде 2024 жылдың 1 наурыздағы жағдай бойынша су қоймаларының көлемі көрсетілген.

Су қоймалары	Көлемі, млн. м <sup>3</sup>		
	Толық	1 наурызға	
		2024 ж.	2023 ж.
Тоқтағұл	19 500	7 910	8 110
Әндіжан	1 900	953	822
Қайрақкүм	3 400	3 497	3 414
Шардара	5 200	4 481	5 146

## Шу және Талас өзендері.

Шу және Талас өзендері ағынының **~95%-ы** Қырғызстан аумағында қалыптасады.

Төменде келтірілген кестеде 2024 жылдың 1 наурыздағы жағдай бойынша су қоймаларының көлемі көрсетілген.

Су қоймалары	Көлемі, млн. м <sup>3</sup>		
	Толық	1 наурызға	
		2024 ж.	2023 ж.
Ортокою (Шу ө.)	470	350	371
Киров (Талас ө.)	550	363	328

## Жайық өзені.

Жайық өзені ағынының **~80%-ы** РФ аумағында қалыптасады және келесі су қоймаларының жұмыс режимдерімен анықталады:

- Ирикла (көлемі 3.26 км<sup>3</sup>);
- Жоғарғы Орал (көлемі 0.6 км<sup>3</sup>);
- Магнитогорск (көлемі 0.19 км<sup>3</sup>).

Бұл су қоймаларының су ресурстарын жинақтаудың жалпы көлемі 4.05 км<sup>3</sup>.

Төменде келтірілген кестеде 2024 жылдың 1 наурыздағы жағдай бойынша Ирикла су қоймасының көлемі көрсетілген.

Су қоймалары	Көлемі, млн. м <sup>3</sup>		
	Толық	1 наурызға	
		2024 ж.	2023 ж.
Ирикла (РФ)	3 260	2 683	2 197

## Іле өзені.

Іле трансшекаралық өзені ағыны көлемінің **~70%-ы** ҚХР аумағында қалыптасады және оның көлемі Қазақстанмен шекаралас ҚХР аумағындағы су шаруашылығы қызметімен айқындалады.

## Ертіс өзені.

Ертіс трансшекаралық өзенінің жалпы ағыны көлемінің ~30%-ы ҚХР аумағында қалыптасады.

Ертіс өзенінің жалпы ағыны көлемінің ~70%-ы ҚР аумағында ҚХР шекарасынан Шүлбі су қоймасына дейін қалыптасады.

Ертіс өзені ағынының жиынтық көлемі келесі су қоймаларының жұмыс режимдерімен реттеледі:

- Бұқтырма (көлемі 49.0 км<sup>3</sup>);
- Өскемен (көлемі 0.65 км<sup>3</sup>);
- Шүлбі (көлемі 2.46 км<sup>3</sup>).

Жоғарыда көрсетілген су қоймаларында су ресурстарын жинақтаудың жалпы көлемі 52.1 км<sup>3</sup> құрауы мүмкін.

Төменде келтірілген кестеде 2024 жылдың 1 наурыздағы жағдай бойынша су қоймаларының көлемі көрсетілген.

Су қоймалары	Көлемі, млн. м <sup>3</sup>		
	Толық	1 наурызға	
		2024 ж.	2023 ж.
Бұқтырма	49 000	29 025	24 410
Шүлбі	2 460	2 191	2 124
Өскемен	655	626	625

• Сырдария, Шу, Талас, Жайық, Ертіс және Іле трансшекаралық өзендерінің ағыны көлемінің 80-90%-ы көршілес мемлекеттердің аумағында қалыптасады;

• ағынның үлесі, Қазақстан Республикасының су алу лимиті мемлекетаралық бірлескен комиссияларда су шаруашылығы саласындағы уәкілетті мемлекеттік органдар арасындағы келісіммен айқындалады;

• жоғарыда көрсетілген трансшекаралық өзендердің шекаралас мемлекеттерде қалыптасатын ағын көлемі «Қазгидромет» гидрометеорологиялық мониторинг аймағынан тыс болғандақтан бұл трансшекаралық өзендер бойынша гидрологиялық болжам жасалмайды.

Өзгидромет, Қырғызгидромет және Росгидромет жасаған гидрологиялық болжамдар мемлекеттік органдар мен мүдделі тұлғаларға олардың ұсынылуына қарай жіберілетін болады (2024 жылғы наурыздың 10-күнінде).

Бас директор м.а.

Гидрология департаментінің директоры

Орындаушы

С. Саиров

А. Ахметов

С. Ибраев



## ҚР жазық өзендеріндегі көктемгі су тасқыны ағынының күтілетін көлемі

№	Су объекті	Норма	Күтілетін ағын көлемі
			млн м <sup>3</sup>
<b>Қарағанды және Ұлытау облыстары</b>			
1	Нұра ө. (Самарқанд су қоймасына келетін су)	201	230-270
2	Шерубайнұра ө. (Шерубайнұра су қоймасына келетін су)	123	80-120
3	Тоқырау ө.	60	35-75
<b>Ақмола облысы</b>			
4	Кеңгір ө. (Кеңгір су қоймасына келетін су)	128	130-170
5	Сарысу ө.	103	80-120
<b>Ақмола облысы</b>			
6	Есіл ө. (Астана су қоймасына келетін су)	136	100-160
7	Сілеті ө. (Сілеті су қоймасына келетін су)	128	60-100
8	Шағалалы ө. (Шағалалы су қоймасына келетін су)	31	37-55
9	Қалқұтан ө. (Есіл ө. келетін су)	229	210-310
10	Жабай ө. (Есіл ө. келетін су)	213	290-430
<b>Солтүстік Қазақстан облысы</b>			
11	Есіл ө. (Сергеев су қоймасына келетін су)	1296	1600-2400
<b>Қостанай облысы</b>			
12	Тобыл ө. (Жоғарғы Тобыл су қоймасына келетін су)	237	290-453
13	Аят ө. (Қаратомар су қоймасына келетін су)	176	160-240
14	Тоғызак ө.	64	90-130
15	Торғай ө.	260	40-60
16	Қараторғай ө.	278	260-370
<b>Ақтөбе облысы</b>			
17	Лек ө. (Ақтөбе су қоймасына келетін су)	179	170-245
18	Қарғалы ө. (Қарғалы су қоймасына келетін су)	292	169-265
19	Қостістек ө.	23.6	36-54
20	Ор ө.	155	154-231
21	Темір ө.	130	109-163
22	Ойыл ө.	218	216-325
23	Ырғыз ө.	260	85-122
<b>Атырау облысы</b>			
24	Жем ө.	325	243-364
<b>Батыс Қазақстан облысы</b>			
25	Шыңғырлау ө.	96	88-132
26	Шежін ө.-2	23.7	28-42
27	Деркөл ө.	60.8	42-73
28	Шаған ө.	173	128-200
29	Өленті ө.	35	70-110
30	Шідерті ө.	27	58-83

Гидрология департаментінің директоры

А. Ахметов

Орындаушы

С. Ибраев

## 2024 жылдың 1-наурыздағы қардағы ылғал қоры, тоң қабаты тереңдігі мен күзгі ылғалдану

№	Аймақ	Су объекті	Бекет	Су алабы ауданы, км <sup>2</sup>	Қардағы ылғал қоры, мм			Ылғал қорының көлемі, млн.м <sup>3</sup>			Тоң қабаты тереңдігі, см		Күзгі ылғалдану, мм		
					Н	2024 ж.	2023 ж.	Н	2024 ж.	2023 ж.	2024 ж.	2023 ж.	Н	2023 ж.	2022 ж.
1	Қарағанды	Нура	Самарқанд су қоймасына келетін су	12300	46.6	32.3	54.1	578	397	665	138	150	30	79	20
2		Шерубайнура	Шерубайнура су қоймасына келетін су	8700	71	36.3	52.8	618	316	459	134	146	36	84	20
3		Кеңгір	Кеңгір су қоймасына келетін су	12010	47	37.6	35.4	564	452	425	-	-	35	61	22
4		Сарысу	Қызылжар т.ж.с.	34600	70	61.2	62.8	2422	2118	2173	96	97	38	72	25
5	Ақмола	Тоқырау	Ақтоғай а.	2920	89	62	66	260	181	193	105	72	9	55	7
6		Есіл	Астана су қоймасына келетін су	5300	53	32	46	281	170	244	115	102	38	77	30
7		Сілеті	Сілеті су қоймасына келетін су	12400	43	32	32	533	397	397	128	150	37	48	24
8		Шағалалы	Шағалалы су қоймасына келетін су	1750	37	53	38	65	93	67	83	105	38	73	20
9		Қалқұтан	Қалқұтан а.	16500	96	116	80	1584	1914	1320	124	113	35	74	44
10		Жабай	Атбасар қ.	8530	101.5	143	115	870	1220	981	66	104	39	98	57
11	СҚО	Сергеев су	Сергеев су қоймасына келетін су	78670	60.6	95	83	4799	7474	6530	74	99	44	91	54
12	Қостанай	Тобыл	Жоғары Тобыл су қоймасына келетін	13100	61.5	80	55	812	1048	721	83	115	35	98	78
13		Тобыл	Қаратомар су қоймасына келетін су	9020	59	92	65	532	830	586	117	137	43	98	56
14		Тоғызак	Тоғызак а.	5970	56	111	78	334	663	466	87	100	42	98	51
15		Торғай	Пески Тусум	52300	70.3	56	70	3661	2929	3661	11	138	33	60	37
16		Қараторғай	Ақоткел а.	14800	35	27	61	518	400	903	-	-	28	38	38
17	Ақтобе	Глек	Ақтобе су қоймасына келетін су	5500	57	46.4	68	314	255	374	35	120	49	94	58
18		Қарғалы	Қарғалы су қоймасына келетін су	2220	125.7	105	119	280	233	264	52	83	50	94	53
19		Қосістек	Қосістек	281	114	173	165	32	49	46	34	87	51	95	81
20		Ор	Бөгетсай а.	7480	99	105	96	741	785	718	102	103	47	95	81
21		Темір	Ленинский а.	5310	80	26	45	425	138	239	93	130	47	76	41
22		Ойыл	Ойыл а.	17100	64	80.8	62	1094	1382	1060	-	-	37	90	56
23		Ырғыз	Шенбертал а.	22700	76	30.3	49	1725	688	1112	120	150	32	84	39
24	Атырау	Жем	Жаңбық а. (Ақсызтоғай)	34700	57	21.4	34	2047	743	1180	75	149	27	57	31
25	БҚО	Шыңғырлау	Кентубек а.	4660	95	78	74	443	363	345	80	153	48	82	98
26		Шежің-2	Шежің-2 а.	509	77.5	64	29	40	33	15	-	-	42	71	56
27		Деркөл	Белес а.	1820	89	56	46	162	102	84	44	113	51	98	79
28		Шаған	Чувашиинское а.	4600	77.5	45	35	359	207	161	57	148	47	98	91
29		Өлеңгі	Жымпиты а.	1290	95	54	46	123	70	59	63	117	42	98	66
30		Шідергі	Аралтөбе а.	750	95	57	31	71	43	23	-	-	42	93	66

N - Орташа көпжылдық мән

**Таулы өзендердегі 2023 жылдың 1 қазанынан 2024 жылдың 1 наурызына дейін жауған жауын-шашын және  
2024 жылғы 1 наурыздағы қар қоры**

№ р/б	Су объектілерінің атауы	Өзен алаптарының атауы	Жауын-шашын, мм.			Қар қоры, мм.		
			N	2024 г.	2023 г.	N	2024 г.	2023 г.
<b>Түркістан облысы</b>								
1	Арыс ө.	Арыс өзені мен оның салалары алабы	230	263	367	108	107	143
2	Жабағылысу ө.							
3	Ақсу ө.	Талас Алатауының солтүстік-батыс сілемдері	367	419	528	163	129	181
4	Балдыбек ө.							
5	Сайрам ө.							
6	Боралдай ө.	Қаратау жотасының оңтүстік-батыс беткейіндегі өзендер	230	263	367	84	62	97
7	Каттабөген ө.							
8	Шаян ө.							
9	Қарашық ө.							
<b>Жамбыл облысы</b>								
10	Теріс ө.	Қаратау жотасының солтүстік-шығыс беткейіндегі өзендер	132	136	113	78	57	90
11	Шокпақ ө.							
12	Тамды ө.							
13	Көктал ө.							
14	Шабақты ө.							
15	Ырғайты ө.	Қырғыз жотасының солтүстік беткейіндегі өзендер	142	180	165	34	10	3
16	Қарақыстақ ө.							
17	Мерке ө.							
18	Аспара ө.							
19	Құрағаты ө.							
20	Шұңғыр ө.							
<b>Алматы және Жетісу облыстары</b>								
21	Іле ө. (Қапшағай с.к. келіп түсетін су)	Іле Алатауының солтүстік беткейлері	159	185	173	112	124	120
22	Күрті ө. (Күрті с.к. келіп түсетін су)							
23	Түрген ө.							
24	Қаскелен ө.							
25	Талғар ө.							
26	Үлкен Алматы ө.							
27	Проходная ө.							
28	Кіші Алматы ө.							
29	Ұзын Қарғалы ө.							
30	Шарын ө. (Бестөбе с.к. келіп түсетін су)							
31	Шілік ө. (Бартоғай с.к. келіп түсетін су)							
32	Борохүдзир ө.							
33	Сүмбе ө.							
34	Өсек ө.	Жетісу Алатауы өзендері	106	227	206	176	164	194
35	Көксу ө.							
36	Көктал ө.							
37	Қаратал ө.							
38	Сарканд ө.							
39	Лепсі ө.							
40	Басқан ө.							
41	Тентек ө.							
<b>ШҚО және Абай облысы</b>								
42	Ертіс ө. (Бұқтырма с.к. келіп түсетін су)	Бұқтырма су қоймасы аймағындағы өзендер	145	235	174	216	432	305
43	Ертіс ө. (Шұлбі с.к. келіп түсетін су)	Ертістің оң жақ салалары	210	369	300	371	627	464
44	Шар ө. (Шар с.к. келіп түсетін су)	Ертістің сол жақ салалары	124	215	153	54	76	73
45	Тебезге ө.							
46	Қарабұға ө.							
47	Қарабұта ө.							
48	Шегелек ө.							
49	Үлкен Бөкен ө.							
50	Қаракөл ө.	Тарбағатай жотасының оңтүстік-батыс беткейі	136	179	154	260	234	323
51	Қатынсу ө.							
52	Көктерек ө.							
53	Үржар ө.							
54	Егінсу ө.							
55	Құсақ ө.							

N - Орташа көпжылдық мән

## Тау өзендері бойынша 2024 жылы вегетациялық маусымға алдын ала су шығыны

№ р/б	Су объектілерінің атауы	Өзен алаптарының атауы	Вегетациялық кезеңде күтілетін	
			Норма	2024 ж.
<b>Түркістан облысы</b>				
1	Арыс өз. – Арыс т.ж.ст	Арыс өзені алабы және оның салалары	<b>41.9</b>	11-37
2	Жабағылысу өз. - Жабағылысу а.		<b>4.1</b>	1.3-3.3
3	Ақсу өз. – Сарқырама а.	Талас Алатауының солтүстік-батыс сілемдері	<b>19.2</b>	13.1-18.9
4	Болдырбек өз. – Мемлекеттік қорық шегінде		<b>4.9</b>	3.7-5.2
5	Сайрам өз. – Тасарық а.		<b>15.1</b>	11.3-15.7
6	Боралдай өз. – Боралдай а.	Қаратау жотасының оңтүстік-батыс беткейіндегі өзендер	<b>11.6</b>	6.9-13.2
7	Қаттабөген өз. – Жарықбас а.		<b>3.04</b>	1.2-3.8
8	Шаян өз. – Ақбет өз. сағасынан 3.3 км төмен		<b>1.74</b>	0.3-1.5
9	Қарашық өз. – Хантағы а.		<b>1.61</b>	0.6-2.4
10	Келес өз. – Сағасы	Келес өзені алабы	<b>19.5</b>	16.6-25.4
<b>Жамбыл облысы</b>				
11	Теріс өз. – Нұрлыкент а.	Қаратау жотасының солтүстік-шығыс беткейіндегі өзендер	<b>5.5</b>	3.44-5.16
12	Шокпақ өз. – Жүрүмбай а.		<b>1.4</b>	0.72-1.39
13	Тамды өз. – Каратау к.		<b>0.8</b>	1.68-2.52
14	Мерке өз. – Улбутуй қыстағы	Қырғыз жотасының солтүстік беткейіндегі өзендер	<b>5.8</b>	1.76-2.64
<b>Алматы және Жетісу облыстары</b>				
15	Қапшағай су қоймасы	Келетін су (2 тоқсан)	<b>549</b>	280-420
		Келетін су (2-4 тоқсаны)	<b>542</b>	290-440
16	Күрті өз. (Күрті су қоймасына келіп түсетін су)	Іле Алатауының солтүстік беткейлері	<b>2.42</b>	0.80-1.30
17	Қаскелең өз.– Қаскелең қ.		<b>5.81</b>	3.20-5.00
18	Проходная өз. – Сағасы		<b>2.45</b>	1.70-2.50
19	Кіші Алматы өз. – Алматы қ.		<b>2.86</b>	1.30-2.00
20	Ұзын Қарғалы өз. – Фабричный к.		<b>4.66</b>	3.40-5.20
21	Көксу өз. – Көксу а.	Жетісу Алатауы өзендері	<b>75.1</b>	60.0-90.0
22	Көктал өз. - Аралтөбе а.		<b>15.9</b>	10.8-16.2
23	Қаратал өз. – Үштөбе а.		<b>52.6</b>	36.0-54.0
24	Сарқанд өз. – Сарқанд а.		<b>12.8</b>	8.80-13.8
25	Лепсі өз. – Лепсі а.		<b>33.7</b>	28.0-42.0
26	Басқан өз. – Екіаша а.		<b>22.2</b>	14.4-21.6
27	Тентек өз. – Төңкеріс а.		<b>78.5</b>	40.0-60.0
<b>ШҚО және Абай облысы</b>				
28	Бұқтырма су қоймасы	Келетін су (2 тоқсан)	<b>1530</b>	1100-1700
	Бұқтырма су қоймасы	Келетін су (2-4 тоқсаны)	<b>813</b>	800-1200
29	Шұлбі су қоймасы	Бүйірлік ағын (2 тоқсан)	<b>709</b>	580-880
	Шұлбі су қоймасы	Бүйірлік ағын (2-4 тоқсан)	<b>315</b>	260-400

Гидрология департаментінің директоры

А. Ахметов

Орындаушы

С. Ибраев


### Қазақстан аумағы бойынша 2024 жылғы наурызға арналған консультативтік ауа-райы болжамы

Наурызда, әдетте, синоптикалық процестердің қыстан көктемге ауысуына байланысты ауа-райының жиі өзгеруі байқалады. Қазақстанның солтүстік облыстарында Наурыз қыстың жалғасы болып табылады, бір ай ішінде қыс мезгілінде суық ауа райы күтіледі, қар жауады, боран соғады, жиі көктайғақ болады және тұман түседі, ал кейбір күндері көктем әлі де өзін еске түсіреді. Ал оңтүстік аймақтарда Наурыз көктемнің жылы күндерінен басталады. Бір айдағы орташа ауа температурасы республиканың көп бөлігінде нормаға жуық, елдің қиыр оңтүстігінде - 1° нормадан жоғары болады деп күтілуде.

Наурыз айында жауын – шашын мөлшері Қазақстанның басым бөлігінде нормаға жуық, Шығыс Қазақстан облысында, Абай облысының шығыс жартысында, Павлодар облысының шығысында және Жетісу облысында, Алматы облысының оңтүстігі мен шығысында нормадан көп болады деп болжануда.

	ОБЛЫС	Температура, градустар			Жауын-шашын, мм				
		норма	болжам		норма (мм)	болжам			
			төмен	норма		жоғары	төмен	норма	жоғары
1	БҚО	-3,9...+1,1		N		14...27		N	
2	Атырау	-1,0...+2,4		N		12...18		N	
3	Маңғыстау	+2,0...+5,8		N		11...20		N	
4	Ақтөбе	-0,3...-6,8		N		14...31		N	
5	Қостанай	-4,5...-7,9		N		11...23		N	
6	СҚО	-6,1...-8,1		N		13...25		N	
7	Ақмола	-5,7...-8,3		N		13...25		N	
8	Павлодар	-4,8...-7,9		N		12...21	>	N	
9	Ұлытау	-1,2...-5,6		N		11...20		N	
10	Қарағанды	-0,3...-8,1		N		8...28		N	
11	Абай	-8,1...+0,2		N		9...30	>	N	
12	ШҚО	-4,0...-10,7		N		12...35	>		
13	Қызылорда	0,0...+6,7		N	+1	10...22		N	
14	Түркістан	+0,5...+9,4		N	+1	19...98		N	
15	Жамбыл	+0,8...+5,3		N	+1	11...55		N	
16	Алматы	-5,7...+5,3		N		10...90	>	N	
17	Жетісу	-4,1...+5,7		N		4...60	>	N	

Орташа айлық ауа температурасының күтілетін ауытқулары  
2024 жылғы наурыздағы нормадан



Жауын шашынның күтілетін ауытқуы  
2024 жылғы наурыздағы нормадан




Болжамның орташа ақпадуы 65-70% құрайды.

Гидрометорталық директоры

М. Шмидт

# Площадь Республики Казахстан покрытая снегом по данным ДЗЗ на 1 марта 2024 года - 72%



Регион	Снег, %
Абайская	100
Акмолинская	100
Восточно-Казахстанская	100
Карагандинская	100
Костанайская	100
Павлодарская	100
Северо-Казахстанская	100
Улытауская	94
Жетысуская	86
Актюбинская	85
Алматинская	81
Западно-Казахстанская	80
Жамбылская	51
Атырауская	34
Кызылординская	14
Туркестанская	12
Мангистауская	2
по Казахстану	72

**Условные обозначения:**

- нет снега
- водные объекты
- снежный покров
- граница областей
- города

# ПАВОДКООПАСНЫЕ РЕГИОНЫ



## Риски подтопления:

- Высокий риск
- Средний риск, в случае выпадения обильных осадков в виде дождя (в Кызылординской области в случае возникновения заторных явлений на реке Сырдария)
- Низкий риск